

Дамса селолық округінің Дамса селосының шағын ауданына 1 атау тағайындау туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы Дамса селолық округі әкімінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 41 шешімі. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 қаңтарда № 1-18-103 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 8 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес Шортанды ауданының тілдер саясаты және ономастика жөніндегі комиссиясының 2009 жылдың 16 қарашасындағы № 10 шешімі негізінде Дамса селосы тұрғындарының пікірі есебімен Дамса селолық округінің әкімі **Ш Е Ш Т І :**

1. Дамса селолық округінің Дамса селосының шағын ауданына 1 «Бақыт» атауы тағайындалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Шортанды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және бірінші ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Селолық округінің әкімі

Ж.Абдрахманов

КЕЛІСІЛДІ:

Шортанды ауданының «Саулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Е.Байтоканов

Шортанды ауданының «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.Бартош